



**1999 жылға арналған мемлекеттік бюджетті әзірлеу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 11 қыркүйек N 880

"1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 шілдедегі N 703 P980703\_ қаулысының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесі бекітілсін (қоса б е р і л і п о т ы р ) .

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі:  
1998 жылдың 14 қыркүйегіне дейін мерзімде Қазақстан Республикасының

Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен және Қаржы министрлігімен келісім бойынша жоғарыда аталған тізбеге сәйкес Министрліктің мемлекеттік тапсырыстарын қалыптастыру жөніндегі әдістемелік құжаттарды бекітсін;

бір айлық мерзім ішінде қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерді осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныс әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 11 қыркүйектегі  
N 880 қаулысымен  
бекітілген

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесі

---

N	Атауы	1998 жылғы	1999 жылға
		қаржыландыру	арналған
		нысаны	қаржыландыру
		нысаны	
1	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер		
	Республикалық деңгейде орындалатын мемлекеттік тапсырыстар	Ұстауға	Көрсетілген
	Заң шығару саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер		
3	Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік		
	Республикалық деңгейдегі әкімшілік шығыстар	Бұл да	Ұстауға
	Орталық органның аппараты		
	Аумақтық органдардың аппараты		
	Әділет органдары	Бұл да	Бұл да
	Мемлекеттік мекемелер		
	Әскери соттар		
	Облыстық, Астана және Алматы қалалық соттары		
	Аудандық соттар		
	Сот сараптамаларын жүргізу	Бұл да	Бұл да
	Мемлекеттік мекемелер		
	Сот сараптамасы орталығы		
	Халыққа азаматтық хал актілерін тіркеу жөнінде заң қызметін көрсету	Бұл да	Бұл да
	Мемлекеттік мекемелер		
	Аудандық АХАТ-тар		
	Құқықтық ақпаратпен қамтамасыз ету	Бұл да	Бұл да
	Мемлекеттік мекемелер		
	Құқықтық ақпараттардың республикалық орталығы		
	Соттардың әділетсіз шешімдері бойынша азаматтарға келтірген залалдардың орнын толтыру		
	Республикалық деңгейде орындалатын мемлекеттік тапсырыстар	Бұл да	Көрсетілген
			қызметтер үшін

	Соттарда мемлекеттің мүддесін		
	қорғау		
	Сотқа қатысқаны үшін адвокаттарға		
	еңбекақы төлеу		
	Ғимараттарды күту және қызметкер-		
	лердің қызметін қамтамасыз ету		
4	Білім беру		
	Республикалық деңгейде орындалатын	Бұл да	Бұл да
	мемлекеттік тапсырыстар		
	Аппараттың кадрларын қайта даярлау		
	Мемлекеттік мекемелердің кадрларын		
	қайта даярлау		